

2023 жылғы Балқаш қаласының бюджеттің орындалуы жөнінде есебін бекіту туралы

Қарағанды облысы Балқаш қалалық мәслихатының 2024 жылғы 17 мамырдағы № 13/116 шешімі

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджеттік кодексіне, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына сәйкес, Балқаш қаласының әкімшілігімен ұсынылған 2022 жылдың Балқаш қаласының бюджетінің орындалуы туралы есебін қарастырып, қалалық мәслихат ШЕШТІ:

2022 жылғы Балқаш қаласының бюджетінің орындалуы туралы есебі қосымшаға сәйкес келесі көлемде бекітілсін:

- 1) кірістер – 20 527 702,8 мың теңге, оның ішінде:
 - салықтық түсімдер – 11 309 678,7 мың теңге;
 - салықтық емес түсімдер 85 090,8 мың теңге;
 - негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 922 157,7 мың теңге;
 - трансферттер түсімі – 8 210 775,6 мың теңге;
- 2) шығындар – 20 208 076,4 мың теңге;
- 3) таза бюджеттік кредиттеу - минус 8 413,6 мың теңге;
 - бюджеттік кредиттер – 0,0 мың теңге;
 - бюджеттік кредиттерді өтеу – 8 413,6 мың теңге;
- 4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо - минус 0,0 мың теңге, оның ішінде:
 - қаржы активтерін сатып алу -0,0 мың теңге;
 - мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0,0 мың теңге;
- 5) бюджет тапшылығы (профициті) – 328 040,1 мың теңге;
- 6) бюджеттапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – минус 328 040,1 мың теңге;
 - қарыздар түсімі – 0,0 мың теңге;
 - қарыздарды өтеу – 1 241 680,0 мың теңге;
 - бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 913 639,9 мың теңге.

Қалалық мәслихаттың төрағасы

А. Мұсылымов